

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне лизинг мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2000 жылғы 5 шілде N 75-II.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

1. "Шетелдік инвестициялар туралы" 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Z949000_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24, 280-құжат; 1995 ж., N 20, 120-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 274-құжат; 1997 ж., N 11, 143-құжат; N 13-14, 205-құжат; N 17-18, 218-құжат; 1998 ж., N 5-6, 50-құжат; 1999 ж., N 21, 786-құжат):

1-баптың үшінші бөлігі "және Қазақстан Республикасының лизинг туралы заңдарында көзделген шарттармен лизинг нысаналарын беру" деген сөздермен толықтырылсын.

2. "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" 1995 жылғы 20 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына Z952368_ (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 13; N 23, 152-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180-құжат; N 18, 367-құжат; 1997 ж., N 11, 144-құжат; N 12, 189-құжат, N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 4, 46-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 20, 717-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат):

1) 18-бап мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

"9-1) лизинг нысанасы - Қазақстан Республикасының лизинг туралы заңдарына сәйкес айқындалатын және Қазақстан Республикасына лизинг туралы шартқа сәйкес әкелінетін мүлік;"

2) 65-бап мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Тауарларды уақытша әкелуге және уақытша әкетуге кеден режимі қолданылатын лизинг нысаналарының тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.";

3) 67-бап мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбеге енгізілген лизинг нысаналары үшін уақытша әкелу мен уақытша әкету мерзімдері осы бапта көзделген шектеулер қолданылмай, лизинг шартының талаптарына сәйкес белгіленеді. Осы аталған лизинг нысаналары үшін уақытша әкелу мен уақытша әкетудің мерзімдерін лизинг шартына енгізілген өзгерістерді көрсету негізінде лизинг нысанасын уақытша әкелген немесе уақытша әкеткен адам өтініш жасаған жағдайда Қазақстан Республикасының кеден органдары өзгертеді.";

4) 68-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбеге енгізілген және уақытша әкелінген немесе уақытша әкетілген лизинг нысаналары кеден баждары мен салықтарынан толық босатылады."

3. 1999 жылғы 1 шілдедегі К990409_ Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 16-17, 642-құжат; N 23, 929-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат):

564-баптағы "егер" деген сөзден кейін "заң актілерінде және" деген сөздермен толықтырылсын.

4. 1999 жылғы 13 шілдедегі К990411_ Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 18, 644-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат):

1) 139-баптың 1-тармағындағы "жылжымайтын", 141-баптың 3-тармағындағы

және 146-баптың 1-тармағының б) тармақшасындағы "жылжымалы" деген сөздер алып тасталсын;

2) 140-баптың 8) тармақшасындағы "шығарылады" деген сөз алып тасталып, бап мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) егер лизинг туралы заң актілеріне сәйкес лизинг нысанасын алып қою туралы талап мәлімделген болса, шығарылады."

2-бап. Осы Заң жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Икебаева Ә.Ж.